

Нуралықызы Ризаның
6M070900 – Metallургия мамандығы бойынша
магистр дәрежесін алу үшін
**«КЕУЕКТІ ТИТАННАН ТИТАН ФОСФАТ НЕГІЗІНДЕ
ПИГМЕНТТЕР АЛУ МҮМКІНДІКТЕРІН ЗЕРТТЕУ»**
тақырыбына жазылған диссертациялық жұмысына

АҢДАТПА

Тақырыптың өзектілігі. Қазіргі уақытта негізгі құрылымдық материалдар ретінде пайдаланылатын металдар біртіндеп сыртқы қоршаған орта әсерінен жойыла бастайды. Пигментті бояулар жабын ретінде, коррозияға қарсы қолдануларда көп жағдайларда қолданылады. Металдарды пигмент арқылы коррозиядан қорғау ең көп тараған әдісі болып табылады.

Коррозиядан қорғау мақсаттарында пигменттерді бояу және лак, коррозияға қарсы пайдалану ретінде қолдану үшін коррозияға қарсы пигменттердің тиімді алу жолдарын іздестіруде. Осыған байланысты, пигменттерді дайындау үшін пайдаланылатын төзімді де тиімді реагенттер болғандықтан, өндіру бойынша зерттеулер ең өзекті болып табылады.

Жұмыстың мақсаты. Кеуекті титаннан титан фосфат негізінде пигменттер алу мүмкіндіктерін зерттеу.

Зерттеу объектісі. Титан кеуегі.

Жұмыстың жаңашылдығы. Эксперименттік деректер негізінде промоутер ретінде қолданылған тұз қышқылы мен фосфор қышқылында кеуекті титанның еру кинетикасы көрсетілген.

- Титан кеуегінің фосфор қышқылымен промоутер ретінде алынған тұз қышқылында еруі кезінде активтендіру энергиясы 40,09-42,45 кДж / моль арасында болғаны анықталған. Бұл реакцияның кинетикалық облыста өтуін көрсетеді.

- Фосфор қышқылды қоспада промоутер ретіндегі тұз қышқылы ерітінділерінде кеуекті титанның еру процесінің оптималды параметрлері анықталған - промоутер концентрациясы 1 N, температура - 90 ° C, процесс уақыты 60 сағат.

Жұмыстың практикалық құндылығы.

Диссертациялық жұмыста кеуекті титаннан титан фосфат негізінде пигменттер алу және осы әдісті одан әрі пайдалану жөніндегі ұсыныстар мен алу мүмкіндігі нәтижелері негізделген.

Жұмыстың апробациясы. Диссертация материалдары үш ғылыми-техникалық конференцияда ұсынылды: Д. Серікбаев атындағы Шығыс Қазақстан мемлекеттік техникалық университетінде өткен «Жастар шығармашылығы - Қазақстанның инновациялық дамуына» студенттерің, магистранттардың және жас ғалымдардың XVI Халықаралық ғылыми-техникалық конференциясының материалдары 14-15 сәуір, Өскемен қ.